

Қазақстан Республикасының Жезқазған, Көкшетау және Семей облыстық соттарын тарату, кейбір аудандық (қалалық) соттарын басқа облыстарға жатқызу және қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 23 мамырдағы N 3524

"Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы"

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы

Конституциялық заң күші бар N 2694 U952694_ Жарлығының 15-бабының 1-тармағына , 10-бабының 1-тармағына сәйкес

және Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысындағы кейбір өзгерістерге байланысты қаулы етемін:

1. Мына соттар:

1) Жезқазған, Көкшетау және Семей облыстық соттары;

2) Батыс Қазақстан облысының Ақжайық және Тайпақ аудандық соттары;

3) Көкшетау облысының Арықбалық, Уәлиханов, Келлер, Көкшетау, Ленинград, Рузаев, Чистополь, Чкалов аудандық соттары, Щучинск қалалық соты;

4) Қостанай облысының Жітіқара қалалық соты;

5) Павлодар облысының Ақсу және Екібастұз аудандық соттары таратылсын.

2. Мына соттар:

1) таратылған Семей облысының аудандық (қалалық) соттары Шығыс Қазақстан облысына;

2) таратылған Жезқазған облысының аудандық (қалалық) соттары Қарағанды облысына;

3) таратылған Көкшетау облысының аудандық (қалалық) соттары Солтүстік Қазақстан облысына жатқызылсын.

3. Мына соттар:

1) Көкшетау облысының Қызыл ту аудандық соты Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов аудандық соты;

2) Көкшетау облысының Красноармейск аудандық соты Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша аудандық соты;

3) Көкшетау облысының Куйбышев аудандық соты Солтүстік Қазақстан облысының Целинный аудандық соты;

4) Көкшетау облысының Ленин аудандық соты Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық соты;

5) Батыс Қазақстан облысының Чапаев аудандық соты Батыс Қазақстан облысының Ақжайық аудандық соты болып аталсын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті